ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ» ШЖҚ МКК

ХАТТАМАСЫ № 2

16.06.2026 жыл

Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша II-тоқсандық** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшы Б.М.Мырзагелдиев төрағалық етіп, басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі қызметкерлері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе:

1) ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасының призидентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығы).
2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (Еңбек кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-v ҚРЗ).
3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы).

Төрағалық етуші Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның басшысы Б.М.Мырзагелдиев жиналысты ашық деп жариялап, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын түсіндіру мақсатында сөз кезегін комплаенс офицер Н.Абдуллаға берді.

Комлаенс офицері Н.Абдулла

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығының негізгі бағыттары туралы баяндама жасады. Баяндама барысында кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, корпоративтік этика қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөнінде айтты.

Төрағалық етуші Б.М.Мырзагелдиев

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын сақтау кәсіпорын қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылатынын атап өтті. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және еңбек тәртібін сақтау бойынша жұмыстарды тұрақты жүргізу қажеттілігі айтылды. Қазақстан

Республикасының Еңбек кодексі (Еңбек кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-v ҚРЗ) бойынша жиналысқа қатысысушыларға қысқаша таныстырыды.

Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі талаптарын түсіндіріп, қызметкерлердің мінез-құлық стандарттарын, моральдық-адамгершілік қағидаларын және қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, кәсіпорын қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берді.

Жиналыс төрағасы Б.М.Мырзагелдиев жиналысты қортындылады.

Мәжіліс төрағасы : ***Б.М.Мырзагелдиев***

Хатшы: ***Д.Туленов***